ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ
ШӘШУБАЙ КЕНТІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ШАШУБАЙ
АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

100316, Шәшубай кенті, Ж.Ақбергенұлы көш.
№ 1 «б» т. тел: 8/710-38 / 21257, 21304

100316, поселок Шашубай, ул. Ж.Акбергенулы
зд. № 1 «б» тел: 8 /710-38/ 21257, 21304

**ӨКІМ** **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

**2022 жылдың 28 қарашасы № 151 н/қ**

Шәшубай кенті поселок Шашубай

**«Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі»
мемлекеттік мекемесіне
жер телімін жалға беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымындағы № 442 Жер кодексінің 19-шы, 44-ші бабтарын басшылыққа ала отырып 2022 жылдың 04 қазанындағы жеке және заңды тұлғаларға жер телімдерін беру туралы Ақтоғай аудандық комиссиясының № 15/2 хаттамалық шешіміне және «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 25 қарашасындағы жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту туралы № 353 бұйрығына сәйкес

**ӨКІМ ЕТТІМ :**

1. Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шәшубай кенті, Шәшубай көшесі бойынан орталық жылу қазандығының құрылысын салу үшін, жалпы көлемі 0,3500 га жер телімін «Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 3 жылға (құрылыс мерзіміне) уақытша өтеусіз қысқа мерзімге жер пайдалану құқығымен (жалға) берілсін.

2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымындағы № 442 Жер кодексінің 51-ші бабына сәйкес жер телімі бөлінуі және бөлінбеуі, жер телімі бөлінетін болып айқындалсын.

3.Берілген жер телімінің санитарлық және экологиялық талаптары сақталуы сұралсын.

4.«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қарағанды облысы бойынша филиалының Ақтоғай аудандық жер қадастры және жылжымайтын мүлік бөлімінен осы жер телміне жер актісін алу тапсырылсын.

5.«Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен осы жер телімін тиімді пайдалану туралы 3 жылға келісім-шартына отыру жүктелсін.

**Н.Мангишев**

*орын.: С.Байғутанов*
*тел.: 21250*